

75  
АТЫРАУ МҮНАЙ ӨНДЕУ ЗАУЫТЫ

«АТЫРАУ МҮНАЙ ӨНДЕУ ЗАУЫТЫ» ЖШС БАСЫЛЫМЫ

9 қазан  
2020 жыл  
ЖҰМА

# НОВАТОР

№ 19 (4459)

1948 ЖЫЛДАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

WWW.ANPZ.KZ

БҮГІНГІ НӨМІРДЕ:



ІСКЕРЛІК КЕЗДЕСУ



ЗАУЫТ ҚАЛА КҮНІНЕ АҒАШ  
ОТЫРҒЫЗДЫ

ЭКОЛОГИЯ ЖАҒАЛЫҚТАРЫНАН

## АМӨЗ ЭКОЖОБАЛАРЫ: тазарту құрылыстарын қайта жаңарту, булану алаңдарын рекультивациялау сонымен қатар жыл сайын 10 мың тонна оттегі



“Біз азотты өндірістік мақсатта қолданамыз, ал таза оттегіні атмосфераға шығарамыз. Атырау МӨЗ –ден жыл сайынғы оттегі экземиссиясы 10 мың тоннаны құрайды, бұл ретте оттегінің тазалық дәрежесі 99,9%-ға жетеді”, - деп хабарлады баспасөз туры барысында АМӨЗ техникалық бөлімі бастығының орынбасары Наиль Хакимов. – “Салыстыру үшін, бір ересек ағаш жылына 120 кг оттегі шығарады, осылайша АМӨЗ дегі азот қондырғысы 80 мыңнан астам ағашы бар орманның мүмкіндіктеріне тең оттегі мөлшерін шығарады”.

АМӨЗ-де өндірілетін оттегінің ГОСТ 5583-78 талаптарына сәйкестігі АМӨЗ-ден газ үлгісі жіберілген “Аспан” ЖШС (Орал қ.) химиялық-талдау зертханасында анықталды. Зертханалық зерттеулер сонымен қатар зауыттық оксигеннің сапасы “медициналық” оттегінің барлық талаптарына сәйкес келетіндігін растады.

Сондай-ақ, қатысушылар “Сасық сай” булану алқабына барып, “Tazalyq” табиғатты қорғау іс-шаралары жобасы бойынша жұмыс барысымен танысты.

Пресс-тур барысында қатысушыларға зауыттың механикалық және биологиялық



тазарту құрылыстарының барлық қажетті нормалар мен талаптарға сәйкес келетін және үнемі жаңғыртудан өтетін технологиялары мен жұмыс істеу қағидалары туралы айтылды. Сонымен қатар, бүгінде АМӨЗ-де қолданылатын технологиялар ағынды суларды барынша зарарсыздандыруға және олардағы зиянды заттар мен қоршаған орта үшін қауіптерді азайтуға мүмкіндік береді.

Айта кету керек, булану алқаптары 70%-ға қалалық ағындармен және 30%-ға АМӨЗ-ның ағындарымен толығыады. Бұл ретте қалалық ағынды суларды ағызу жүйесі зауыттық жүйеге қарағанда тазартусыз жүзеге асырылады. Санитарлық-эпидемиологиялық жағдайды жақсарту мақсатында жергілікті органдар қалалық кәріз-тазарту құрылыстарын салуды бастады, оларды ағымдағы жылы

пайдалануға беру жоспарланып отыр. АМӨЗ тарапынан үш кіші жобаны қамтитын “Tazalyq” жобасын іске асыру туралы шешім қабылданды:

Механикалық тазарту құрылыстарын жаңарту;

Биологиялық тазарту құрылыстары мен тазалау блогының құрылысын қайта жаңғырту;

(Жалғасы 2-бетте)

QAҒЫPSIZDIK

SAPA

TURAQTYLYQ



БЕЗОПАСНОСТЬ

КАЧЕСТВО

СТАБИЛЬНОСТЬ

ЭКОЛОГИЯ ЖАҒАЛЫҚТАРЫНАН

## АМӨЗ ЭКОЖОБАЛАРЫ:

тазарту құрылыстарын қайта жаңарту, булану алаңдарын рекультивациялау сонымен қатар жыл сайын 10 мың тонна оттегі

(Соңы. Басы 1-бетте)

Нормативтік тазартылған ағын су каналын қайта жаңарту және булану алаңдарын рекультивациялау.

Қазіргі уақытта тазарту құрылыстарын қайта жаңарту бойынша жобалау-іздістіру жұмыстары жүргізілуде. Жоба аяқталғаннан кейін зауыттан булану алаңдарына төгінділер тазартылған суды кәсіпорынның қайта пайдалануына байланысты қайтарғандықтан 50% - ға қысқарады, ал Жайық өзенінен су алу 30% - ға қысқарады. Жобаны 2023 жылдың соңында аяқтау жоспарланып отыр.

Бұдан басқа, әлеуметтік-жауапты

компания бола отырып, сондай-ақ АМӨЗ экологиялық ашықтық қағидаттарын ұстану мақсатында сағат сайын онлайн режимінде деректерді экопосттардан (АМӨЗ санитарлық-қорғау аймағының шекарасында орналасқан атмосфералық ауа сапасын бақылаудың автоматты станциялары) «Қазгидромет» РМК-ға және қаланың электрондық таблоларына жіберіледі. Осылайша, қаланың әрбір тұрғыны нақты уақыт режимінде зауыт аумағындағы атмосфералық ауаны сипаттайтын азот оксиді, көміртегі оксиді, күкіртсутегі, күкіртті ангидрид және көмірсутектер концентрациясы экологиялық көрсеткіштерін көре алады.



Суреттерді түсірген: Данияр МҰХАМБЕТОВ

САПАР

## ІСКЕРЛІК КЕЗДЕСУ

Ағымдағы жылдың 22 қыркүйек күні Атырау мұнай өндеу зауытының Бас директоры Шухрат Данбай бастаған делегация «Kazakhstan Petrochemical Industries Inc.» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне барды. Ең алдымен зауыт қызметкерлері «Karabatan Utility Solutions “ЖШС” Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркін» аралады. Оның қызметінің негізгі түрлерінің бірі электр энергиясын өндіру болып табылады.



Қазіргі таңда зауыттың белгіленген қуаты 310 МВт. 22 қыркүйекте - 109 МВт генерациясы желіге берілді. Зауыттың қолданысындағы энергия 65 МВтты құрайды. 7 қыркүйектен бастап зауыт энергияны 100% «KUS» тың газтурбиналық станцияларынан алуға.

Кейін «KPI Inc» компаниясының территориясына шолу жасап, мекеме ұжымымен кездесті. Аталмыш кәсіпорын Қазақстан Республикасындағы алғашқы интеграцияланған газ-химия кешені болып табылады.

Кездесу барысында «KPI Inc»

серіктестігінің Басқарма төрағасының бірінші орынбасары Мұратжан Мұсайбеков Атырау мұнай өндеу зауытын 75 жылдық мерейтойымен құттықтап, зауыттың алдағы уақытта да биік шыңдардан көрініп, өндірісінің арта түсуін тіледі. Және сөз соңында зауыт директоры Шухрат Данбайға естелік сыйлығын ұсынды.

Іскерлік кездесуде екі кәсіпорынға да ортақ тақырыптар қозғалып, алдағы уақытта персоналды дамыту мақсатында ортақ оқу орталығын ашуды қолға алуды жоспарлады.

### Новая система оплаты труда с января 2020 г.

#### Система грейдирования



В среднем повышение тарифных ставок/должностных окладов составило:

персонал рабочих профессий – на **13%**; производственные руководители - на **15 - 49 %**, АУП – на **9 %**.

Дополнительные надбавки за специфику работы:

за сложность обслуживания установки в размере **15%** - 369 чел.,  
**7%** - 429 чел.  
за работу на пульте управления - всем операторам, обслуживающим пульт управления в размере **7%** - 120 чел.

Новый подход к премиальным выплатам:

По итогам работы выплачивается КТУ и начисляется доп. премии **5%**, отличившимся работникам за **100%-ое** исполнение КПЭ

Премия по итогам работы за год

Премия выплачивается работникам, демонстрирующие отличные результаты работы, проявившие максимальную ответственность на вверенном участке работы. Максимальный размер премии может достигать **3 млн.тенге**.

Программа пересмотра заработной платы за качество работы

Программа повышения заработных плат работника на 2021 год, будет зависеть от результатов труда за отчетный год. Повышение будет состоять из двух компонентов:  
- общее повышение;  
- повышение за индивидуальные трудовые показатели.

ЖАҢА НЫСАН

25 қыркүйек күні Атырау мұнай өңдеу зауытында инфрақұрылымдық ARMAN жобасы аясында іске асырылған, жаңғыртудан кейін күрделі жөндеуден өткен жаңа ғимараттың ашылу салтанаты өтті.

Іс шараға «АМӨЗ» ЖШС Бас директоры Ш.Данбай, құрылымдық бөлімшелер мен цехтардың басшылары және қызметкерлері қатысты.

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ЗАУЫТТАҒЫ ТҰРМЫСТЫҚ ЖАҒДАЙЫ РЕТКЕ КЕЛТІРІЛДІ

«Біз түрлі қиыншылықтарды жеңіп, тағы да өзіміздің мықтылығымызды дәлелдеп, аталмыш ғимараттарды жөндеп, өздеріңізге ұсынып отырмыз. Біз үшін ең маңызды фактор- ол адам. Сол себепті қызметкерлердің дұрыс тұрмыстық жағдайда қызмет етуін қадағалауымыз қажет. Осы орайда сіздерден адал еңбек пен жақсы көрсеткіштерді талап етеміз. Біздің зауытымыз Қазақстан бойынша жұмыс орнын басқарудағы ақылды философияны қолдануға енгізу жағынан көш бастап тұр. Бұл ғимараттағы әрбір бұрыш – пайдалы орынға айналған», - деді ашылу салтанаты кезінде кәсіпорын басшысы.

Мұнайды тереңдетіп өңдеу кешенінің УКК 3201, СУГжәнеГФ 3203, КУ ГБД-2 3205, СГНKK 3206, КУ ГБД-2 3211 титулдарының операторлықтары жөндеуден өтіп, тамақ қабылдауға арналған бөлмелері толықтай жабдықталған. Сонымен қатар бөлмелерде ішкі вентиляция жүйесі орнатылған. Ғимараттардың барлығы электр жылуымен қамтамасыз етіліп, интернет желілерімен

жабдықталған. Бөлмелерде зауыттың инфрақұрылымын дамыту жолында қалыптасқан 5S жобасының нәтижелері ілінген. Жұмыстың тиімділігін арттыру мақсатында RLG методикасын қолданып, қызметкерлердің күн сайынғы жұмыс жоспары мен ай сайынғы нәтижелері көрсетілген.

ARMAN жобасы шеңберінде әртүрлі зауыт цехтарының 16 әкімшілік-тұрмыстық кеңселерде және басқа да ғимараттарда (операторлық, диспетчерлік пункттер және т.б.) қайта жаңғырту және жөндеу жұмыстары жүргізіліп отыр.

Естеріңізге сала кетейік, ARMAN жобасы – зауыттық инфрақұрылымды жаңғырту бойынша зауытта іске асырылып жатырған жаңа алты жобаның бірі.



ДОЛГ

ПОМОЖЕМ СОХРАНИТЬ ПАМЯТЬ

В этом году весь мир отмечает 75-летие окончания Второй мировой войны. Пользуясь случаем, хотел бы рассказать об одном из ветеранов Великой Отечественной войны, работавшем на АНПЗ. Когда я пришел после школы в 1980 году в 7-ой цех, там работал веселый, неунывающий шутник-душа компании Аманбай Жалгаспаев. Как-то во время перерыва кто-то спросил: «Аманбай Жалгаспаевич, а какой эпизод на войне запомнился Вам?». Ветеран посерьезнел, взял паузу, подумал и сказал: «Сейчас расскажу». И вот что он рассказал.



По приказу командования передовой отряд форсировал реку и занял плацдарм недалеко от берега, долгое время успешно отбивая контратаки немцев, но противник вышел с фланга и мощным пулеметным огнем пресек все попытки подхода резерва и отхода подразделения к своим. Самым сложным в этой ситуации оказались не артобстрел и контратаки немцев, а отсутствие воды. Жажда мучила всех, особенно раненых и тяжелораненых. И вот Аманбая вызывает к себе командир и дает задание: «Мы тут присмотрели неглубокую ложбину и маленький лаз под колючей проволокой, ты у нас самый шустрый, возможно тебе повезет, ты пролезешь и доберешься до воды». «Дождался темноты. У меня на спине закрепили плоский бачок, и я пополз. Несмотря на то, что я практически слился с землей, немцы меня заметили, и начали обстреливать, стреляли именно по бачку. Дополз до зарослей, начал набирать воду, а бачок весь в дырах. Все вытекает. В зарослях нарезал деревянных пробок, заткнул ими все пробойны и пополз обратно. На обратном пути та же история. Весь мокрый, но живой дополз до своих, слил то, что осталось во фляжке. Залатали бачок, и пополз обратно. И так до утра. Но обеспечил всех бойцов живительной влагой. Пока ползал туда и обратно вспомнил все молитвы и всех родственников. Было страшно, но справился».

Вот так, героическим вкладом каждого воина и гражданина ковалась Победа. Сейчас обидно, когда в высокобюджетных боевиках под видом художественного вымысла потихоньку искажается действительность, преподносится другая история, а молодое поколение принимает

вымысел за чистые факты.

Я вырос в Жилгородке и помню, что в каждой семье, вдумайтесь, в каждой были погибшие, пропавшие без вести или искалеченные на фронте. Только в нашей семье дядя пропал без вести в 1942 году. Документы о его смерти и место захоронения удалось найти в архивах только в 1981 году. Второй дядя вернулся с фронта с контузией и пулевым ранением в шею, из-за которой у него через несколько лет перестала двигаться рука. Третий дядя, воевавший под Москвой, был тяжело ранен, но к счастью, выжил. Моя мама с 17 лет стояла у токарного станка, работала токарем из-за нехватки мужчин, причем из-за маленького роста не доставала до кулачков станка и работала, стоя на ящике. Мой отец долго еще после войны, когда его будили, резко вскакивал и хватал одежду, пытаясь оценить обстановку, а мы, будучи детьми, боялись его будить. А еще он хранил у себя кулон с изображением. Рассказывал, что когда они входили в Вену, их тепло с цветами встречали люди, а одна девочка подбежала к нему, обняла, сняла со своей шеи кулон и повесила ему на шею. К чему я все это решил написать? К тому, чтобы наша молодежь знала о том, какой ценой досталась Победа.

В заводском музее идет сбор материалов о заводчанах - ветеранах войны и труда. К сожалению, не все фамилии внесены в существующие списки или же отсутствуют фотографии. Поэтому, я обращаюсь ко всем заводчанам: давайте поможем сохранить память! Если что вам известно о фронтовике – заводчанине, поделитесь информацией.

Рашид КУРАМШИН, инженер – программист ИЦ «ЦЗЛ»

СПОРТ

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТАЗА КӨЛІКТІ ТАҢДАҒАН ЖАН

Атырау мұнай өңдеу зауытының пульт операторы Азамат Таужанов ең алғаш 2003 жылы АТ-2 қондырғысына жұмысқа тұрады. Аталмыш қондырғыда 2009 жылға дейін қызмет етеді. Кейін араға үзіліс салып 2013 жылдан күні бүгінге дейін Ароматикалық көмірсутектер өндірісінің ССР қондырғысында қызмет етуде.

«Велосипед өзімді қалыпта ұстап тұруымның бірден бір құралы. Менің өмір сүру қағидам – ол спорт. Мен ұзақ жылдар бойы зауытта волейбол ойындарына қатыстым. Сол себептен өзімнің қалпымнан ауытқып кетпеуге тырысамын. Ауа райының қолайлылығына қарай велосипедпен қозғаламын. Ал, қазір пандемия кезінде тіпті маңызды. Спортпен айналысуға толықтай тыйым салынған кезде осы қозғалыс құралының маған көп септігі тиді», - дейді Азамат Таужанов.



Үш жылдан бері Нұрсая мөлтек ауданынан Атырау мұнай өңдеу зауытына дейін автокөліктің орнына экологиялық таза қозғалыс құралын таңдаған Азамат екі аралыққа 20 минут уақытын жұмсайды. Яғни сағатына 7 километр.

«Көбісі тұрғылықты жерімді айтқан кезде таң қалады. Өйткені барлығы велосипедпен келгендіктен жақын маңда тұрады деп ойлайды. Бірақ спортпен айналысатын адам үшін ол қиындық туғызбайды. Басқа жандарға да салауатты өмір салтын ұстануға кеңес беремін», - дейді Азамат.

Азамат Таужанов отбасылы бір қыз, бір ұлдың әкесі. Балаларының болашақта спортпен айналысуына қазірден бастап ден қоятындығын айтады.

13 жылдық өтілі бар Азамат Таужанов зауыттың волейбол құрамасында өнер көрсетіп, кәсіпорынның талай жетістікке жетуіне себепшілер қатарында.

## 19 ҚАЗАН – ҚҰТҚАРУШЫЛАР КҮНІ

Биыл құтқарушыларға 25 жыл. Атырау облысы бойынша төтенше жағдайлар қызметінің ұжымы атаулы датаны тойлауда. Дегенмен де Атырау мұнай өңдеу зауытының құтқарушыларының тарихы тереңнен бастау алады.

1944 жылы тамыз-қыркүйек айларында №441 зауыттың құрылыс жұмыстары жүріп жатырған кезде әскери өрт командасы құрылған болатын. Жеке құрамды жасақтау кезінде тұрғылықты адамдар ғана емес, басқа қаладан және де мұнайшылар арасынан да адамдар жинақталды. Әскери өрт командасының алғашқы басшысы лейтенант Г.В.Шеребиров болды.

1944 жылдың соңына қарай құрамды техникамен қамтамасыз ету мақсатында Америкадан «Макс» маркалы және отандық ПМЗ-2 автокөліктері алынды.

1999-2006 жылдары зауыттың құрамына кірместен бұрын өрт сөндіру бөлімі «Өрт сөндіруші» РММ құзырында болды. 2006 жылдың шілде айында Атырау мұнай өңдеу зауытында объектілі өртке қарсы қызмет құрылып, 80 адамды жұмыспен қамтыды.



Қазіргі таңда 2014 жылдың тамыз айынан бастап «Өрт сөндіруші» АҚ Атырау облыстық филиалының өрт-авариялық құтқару жасағы болып табылады. Бүгінде 121 адам қызмет ететін аталмыш орын 20 техникамен қамтылған. Ұжым талай белестерден көрініп, спорттық жарыстарда да мықтылардың қатарынан табылуда.

Қиын да жауапкершілігі мол қызметтің ауыр жүгін арқалаған құтқарушыларымызға сенім жоғары. Зауыттың қауіпсіз қызмет етіп, төтенше жағдайдың туындамауына септігін тигізіп жүрген бірден бір маман иелері. Алдағы уақытта да тілсіз жаудан аулақ болып, қызметтерінің биіктен көрінетіндіктеріне зауыттықтар үлкен сеніммен қарайды.

### АКЦИЯ

## ЗАУЫТ ҚАЛА КҮНІНЕ АҒАШ ОТЫРҒЫЗДЫ

Мұнайлы өлкеміз Атырау қаласының 380 жылдық мерейтойына орай қоғам белсенділерінің бастамасымен, қала әкімдігінің қолдауымен жеміс ағаштарын отырғызу іс-шарасы өтті. Өзінің белсенділігі мен қоғамдық жұмыстарға белсене араласуымен алдыңғы қатардан көрінетін Атырау мұнай өңдеу зауыты бұл жолы да өз септігін тигізді.

Атырау мұнай өңдеу зауытының Бас директоры Шухрат Данбайдың бастамасымен бір топ зауыт ұжымы аталмыш акцияға қатысып, Балықшы мөлтек ауданындағы саябаққа 380 жеміс ағашын отырғызуға ат салысты. Жеміс ағаштары мен талдардың көшеттері «Балықшы» саябағындағы 2 гектар алаңға егілуде. Өңір басшысы Махамбет Досмұхамбетов алма ағашы көшетін отырғызып, қала көлемінде ұйымдастырылып жатқан көгалдандыру жұмыстарына сәттілік тіледі.

Өз кезегінде қала әкімі Қайрат Оразбаев жыл басынан бері қаланы көгалдандыру жоспарына сәйкес, 20 мыңдай тал егіліп, қазір өсіп жатқанын атап өтті. «Атырау қаласын көгалдандыру облыс әкімі Махам-



бет Досмұхамбетовтің бізге жүктеп отырған басты міндеттерінің бірі. Сондықтан шаһарымызды жасыл қалаға айналдыру үшін алда да ауқымды істер атақарылады. Бұл бағытқа арналған нақты іргелі жобамыз бар. Ол үшін өңіріміздегі ірі компанияларды да тартамыз», - деді қала әкімі.

Сондай-ақ іс-шараға ТШО, НКОК, АМӨЗ, Ембімұнай мен Ин-тергаз сияқты мұнай саласындағы бес ірі мұнай саласындағы компания басшылары да келіп, еңбек сіңіргендігін атап өтті. «Балықшы» саябағындағы 2 гектар алаң атыраулық белсенді азаматтардың ұсынысымен ашылған.



### САЙЫС

## «АМӨЗ ДІ ЖАҚСЫ КӨРУІМНІҢ 5 СЕБЕБІ»

Ең алғаш 1945 жылы іргетасы қаланған Атырау мұнай өңдеу зауытына биыл 75 жыл. Кәсіпорын мерейтойы қарсаңында АМӨЗ кәсіподақ ұйымының қолдауымен «Media group» жеке кәсіпкерлігі «Зауытты жақсы көруімнің 5 себебі» атты бейнеконкурс ұйымдастырды.



Аталмыш сайысқа зауыт және мердігер ұйым қызметкерлері арасынан 9 бейнеролик тапсырылып, 2 минуттан аспайтын уақыттық ролик сапалы, мықты дизайнмен, жаңашылдыққа мән берілді. Қатысушылар бейнежазбаның жанрын өздері тандады.

Сайыстың әділ қазылар алқасына бас директордың корпоративтік функциялары жөніндегі орынбасары Луиза Аканова, қызметкерлерді басқару және еңбекақы төлеу басқармасының басшысы Серік Арыстан, Экономика және қаржы басқармасының басшысы Тимур Мендебаев, «Нұр-Отан» Бастауыш партия ұйымының төрайымы Бақыт Өтебалы, Қоғаммен байланыс бөлімінің басшысы Аида Татиева, «Хабар» агенттігінің бейнережиссеры Ғалымжан Баязитов, «Caspian news»

телеарнасының бас режиссеры Эльдар Қатапов болды. Әділ қазылар алқасы кәсіби тұрғыдан, бейнероликтегі айтқысы келген ойдың түйініне және де идеяны беру ой ұшқырлығына аса мән берді.

Сайыста үш орын болды. 1 орынға – 100 000 теңге, екінші орынға – 70 000 теңге, ал үшінші орынға – 50 000 теңге көлемінде ақшалай сыйлықтар ұсынылды.

Жарыс қортындысы бойынша 1 орында Мұнай өңдеу және мұнай өнімдерін терең күкіртсіздендіру өндірісінің операторы Кенжебек Зулқарнаев, 2 орынды жұмыс уақытын есепке алу жөніндегі маман Мөлдір Максотова, 3 орынды «Самұрық-Қазына» КУ ЖБ бағдарламалық өнімдерді қолдау жөніндегі маманы Владислав Тен канжығаларына байлады.

Коллектив Профкома ТОО АНПЗ выражает глубокое соболезнование семье работника Профкома Хоробрых Сергей Владимировича в связи с кончиной **отца Хоробрых Владимир Ивановича.**

«НОВАТОР» басылымы  
№19. 9 қазан 2020 жыл

РЕДАКЦИЯ МЕКЕН-ЖАЙЫ:  
060001, Атырау қ.,  
«АМӨЗ» ЖШС, 3.Қабдолов к-сі,1  
тел.: 25-97-71, тел.факс: 25-96-75

Газет «Print House Gergona» ЖШС  
баспаханасында басылды.  
Алматы қ, Помяловский к-сі,  
29 «А»/1. Тел: 398-94-59,  
250-47-40, 398-94-60; ф.250-47-39  
Тиражы 1200 дана  
Тапсырыс № 2550

БҰҚАРАМЕН БАЙЛАНЫС  
ЖӨНІНДЕГІ БӨЛІМІ:  
бастығы А.Татиева  
«MEDYAGROUP» ЖК:  
жетекшісі – Д.Мұхамбетов  
редакторлар: И.Сатылғанова,  
А.Аймұратқызы.

Газет  
Қазақстан Республикасының  
баспасөз және бұқаралық  
ақпарат министрлігінде  
1992 жылғы 27 мамырда  
тіркеліп, тіркеу туралы  
№790 куәлігі берілген

Газет редакциясы жарнама  
материалдары мен хабарландырулар,  
құттықтаулар және көңіл айту  
мазмұнына жауап бермейді.

# НОВАТОР